

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словакия Республикасы Үкіметінің арасындағы Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 мамырдағы N 908. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1151 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.30 N 1151 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1995 жылы 18 мамырда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словакия Республикасы Үкіметінің арасындағы Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін. 2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімін белгіленген тәртіппен Словакия Тарабына хабарласын. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Словак Республикасы Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы
К Е Л І С І М

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Словак Республикасы Үкіметі, сауда-экономикалық байланыстар мен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту және нығайтуды көздеген тілекті басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

тең құқықтық және өзара тиімділік принциптерінің негізінде екі мемлекет арасындағы сауда қатынастарын кеңейтуге ниет ете отырып, екі елдің саяси және экономикалық жүйелерінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерді еске ала отырып,

екі мемлекеттік қолданыстағы заңдары мен халықаралық құқыққа сәйкес екі елдің экономикасын әлемдік шаруашылыққа бір ізбен интеграциялауға ұмтыла
о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасының тарифтер және сауда жөніндегі бас келісімінің (ГАТТ) Уағдаласушы Тарабы ретіндегі міндеттемелерін және Словак Республикасының халықаралық сауда жүйесінің жалпы жұрт қабылдаған нормалары мен ережелерін, бұған ТСБК-ның нормалары мен ережелерін қоса алғанда, сақтауға деген ұмтылысын назарға ала отырып,

мына төмендегілер жайында келісті:

1 - б а п

Уағдаласушы Тараптар бірінші кезекте өзара тауар айналымы мен көрсетілетін қызметтердің көлемін молайтуға бағытталған өзара экономикалық қатынастарды дамытуға көмектесіп отыратын болады.

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекеттерінде қолданылып жүрген заңдардың шеңберінде экономикалық, сауда және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың барлық нысандарын ынталандыру, жеңілдету және қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қолданып отыруға келісімін берді.

2 - б а п

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекеттерінің аумағынан шығарылатын тауарлардың саудасына қатысты бір-біріне мейлінше қолайлы жағдай режимін жасайды (ТСБК-ның 1-бабы бойынша).

Мейлінше қолайлы жағдай режимі кейбір артықшылықтар мен жеңілдіктер жайында қолданылмайтын болады. Олар мына төмендегілер:

- Уағдаласушы Тараптардың бірінің шекара бойындағы сауданы немесе басқа мемлекеттермен жасалатын аймақаралық сауданы жеңілдету мақсатында көрші елдерге жасап берген немесе болашақта жасап беретін артықшылықтары мен жеңілдіктері;

- Уағдаласушы Тараптардың қазіргі бар немесе келешекте құрылуы мүмкін кедендік одақтар мен еркін сауда аймақтарына мүше болуларына қатысты артықшылықтар мен жеңілдіктер.

3 - б а п

Уағдаласушы Тараптар екі елдің сыртқы экономикалық қатынастар субъектілерінің (бұдан былай - субъектілер) арасындағы тауар алмасу мен қызмет көрсету халықаралық саудада қолданылатын әлемдік бағалар мен принциптер бойынша Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес жасалатын тікелей немесе компенсациялық сауда келісімдерінің негізінде жүзеге асырылатын болады деп келісті.

Уағдаласушы Тараптардың субъектілері өзара уағдаластық негізінде

келісімдер мен шарттар, оның ішінде ұзақ мерзімді, әсіресе ұзаққа созылған өндіріс циклімен тауарлар жеткізіп тұруға деген шарттар мен экономикалық ынтымақтастық туралы келісімдер жасасатын болады.

4 - б а п

Уағдаласушы Тараптар өздерінің субъектілеріне тауарлар жеткізіп тұру мен қызмет көрсету жөніндегі сауда келісімдерін жасасу және оларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасап отыратын болады.

5 - б а п

Уағдаласушы Тараптар өздерінің жеке және заңды субъектілерінің арасындағы тікелей байланыстарды дамыту үшін, сондай-ақ делегациялар мен кәсіпкерлердің сапарларымен алмасу үшін, жәрмеңкелер мен көрмелерге қатысу және ақпаратпен алмасу үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

6 - б а п

Уағдаласушы Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығын еске ала отырып, әрқайсысы өз елінің аумағында филиалдарды, ұйымдарды, кәсіпорындарды, фирмаларды, банктерді, сауда үйлерін, биржаларды, кооперативтер мен компанияларды, құру және олардың сауда және экономикалық қызметін дамыту үшін өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес қолайлы жағдай жасайтын болады.

7 - б а п

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің әрқайсысына қолданылып жүрген заңдарға сәйкес екі мемлекеттегі экономикалық нарық қатынастарының дамытылуын ескере отырып, мына төмендегі мәселелерге өзара мүдделі екендіктерін растайды: - капитал қозғалысына алдын ала жағдай жасау; - аса маңызды жобаларды жүзеге асыру үшін инвестицияларды біріктіру; - екі мемлекет субъектілерінің еркін экономикалық аймақтарды дамыту процесіне қатысуы; - жекешелендіру процесі. 8-бап

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің әрқайсысында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бірлескен кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін, бұған инвестицияларды қолдау мен қорғауды және қосарланған салық салуды болдырмау мен өзара экономикалық ынтымақтастықта кемсіту шаралары қолданылмайтынын қоса алғанда, қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

9 - б а п

Уағдаласушы Тараптар іргелі және қолданбалы ғылымдар мен техника және технология саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық екі мемлекеттің экономикалық дамуында маңызды роль атқаратынын негізге ала отырып, осы салада өзара байланыстарды дамыту үшін қажетті жағдайларды жасап отыратын болады.

1 0 - б а п

Уағдаласушы Тараптар ғалымдар мен мамандар, ғылыми ұйымдар мен кәсіпорындардың арасындағы байланыстарды және ынтымақтастықты дамытуға, бұған ғылыми-техникалық әзірлемелерді даярлау және екі мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында зерттеу жобаларын жүзеге асыру үшін уақытша және тұрақты негізде аралас ғылыми ұжымдарды құруды қоса алғанда, ерекше назар аударатын болады.

Уағдаласушы Тараптар бірлескен ғылыми-техникалық жұмыстардың нәтижелерін қорғауды қамтамасыз ететін болады. Бұл нәтижелердің үшінші бір жаққа берілуі Уағдаласушы Тараптардың екіншісі жазбаша түрде өз ризалығын бергеннен кейін ғана жүзеге асырыла алады.

1 1 - б а п

Уағдаласушы Тараптар сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық қатынастарға байланысты, атап айтқанда, заңдар мен басқа да нормативтік актілердің саласында, ақпарат алмасуды жүзеге асыруда бір-біріне көмектесіп отыратын болады.

1 2 - б а п

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекеттерінің аумағы арқылы үшінші бір

мемлекеттерге сыртқы экономикалық байланыстардың қазақстандық және словак қатысушылары тауарларының, бұған уағдаласушы мемлекеттердің заңдарымен әкелінуге тыйым салынған тауарларды қоспағанда, транзитіне көмектесетін болады.

1 3 - б а п

Уағдаласушы Тараптар өзара экономикалық байланыстарды тереңдетуде туризмді дамыту маңызды роль атқарады деп есептей отырып, қолданылып жүрген заңдардың шеңберінде, сондай-ақ "Туризм хартиясы және турист кодексі" /София, 1985 ж./ мен Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық туризм және саяхат жасау жөніндегі конференциясының /Рим, 1963 ж./ ұсынымдары негізінде туризмді дамытуға көмектесетін болады.

1 4 - б а п

Субъектілер арасындағы жеткізіп берілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін жасалатын есеп айырысу мен төлемдер еркін айналымдағы валюта немесе халықаралық сауда, қаржы және банк практикасында қолданылатын принциптерге, шарттар мен нысандарға сәйкес коммерциялық банктер келісетін валюта арқылы жүзеге асырылатын болады.

1 5 - б а п

Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға көмектесу мақсатында Қазақстан Республикасы мен Словак Республикасында сауда өкілдіктерін құра алады. Сауда өкілдіктерінің құқықтық мәртебесі Уағдаласушы Тараптардың арасындағы жекелеген келісіммен белгіленетін болады.

1 6 - б а п

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына көмектесу және Қазақстан Республикасы мен Словак Республикасы арасындағы экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарды дамыту үшін мемлекеттердің тиісті

органдарының, ұйымдар мен кәсіпкерлік құрылымдардың өкілдерінен құрылатын Үкіметаралық аралас Қазақстан-Словак комиссиясын құратын б о л а д ы .

Аралас комиссия жүктелген міндеттерді өз мәртебесіне сәйкес орындайтын б о л а д ы .

1 7 - б а п

Бұл Келісім Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті ішкі мемлекеттік барлық процедуралардың орындалғаны туралы соңғы хабарламалар алмасқан күні күшіне енеді.

Осы Келісім мөлшерсіз мерзімге жасалады және ол, егер Уағдаласушы Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті туралы кезекті күнтізбелік жылдың басталуына дейін кемінде алты ай бұрын жазбаша мәлімдемесе, қолданыста қала береді.

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап, 1992 жылғы 18 маусымда Мәскеу қаласында жасалған "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Чех және Словак Федеративтік Республикасы Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық байланыстар мен ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы Келісім" Қазақстан Республикасы және Словак Республикасы арасындағы қатынастарда күшін жояды. Алматы қаласында 1995 жылғы 18 мамырда әрқайсысы қазақ, словак және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсінуде пікір алшақтығы туа қалған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді қолданатын болады. Қазақстан Республикасының Словак Республикасының Үкіметі үшін Үкіметі ү ш і н